

Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 846. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.08.08. N 792 қаулысымен.

Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін заңсыз өндіруді және олардың айналымын болдырмау, акцизделетін тауарларды акциздік алым таңбаларымен таңбалау тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2001 жылғы 1 шілдеден бастап 1 және 2-қосымшаларға сәйкес акцизделетін тауарларды жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларымен міндетті түрде таңбалау енгізілсін.

2. Темекі бұйымдарын 1997 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбалау сақталсын.

3. Отандық және импорттық өндірілген акцизделетін тауарларды (1 және 2-қосымшаларға сәйкес) 2001 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларымен ғана сатуды:

1) акцизделетін тауарларды өндірушілер мен импорттаушылар - 2001 жылғы 1 шілдеден бастап;

2) акцизделетін тауарларды сақтауды және сатуды жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар - 2001 жылғы 1 қазаннан бастап жүзеге асырады деп белгіленсін.

4. Акцизделетін тауарларды (1 және 2-қосымшаларға сәйкес) жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбалауды отандық тауар өндірушілер мен акцизделетін өнімді импорттаушылар жүзеге асырады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі:

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасымен 1 және 2-қосымшаларға сәйкес акцизделетін тауарларды таңбалау үшін жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларын дайындауға арналған, сондай-ақ 3-қосымшаға сәйкес акцизделетін тауарларды таңбалау үшін акциздік алым таңбаларын дайындауға арналған шарт жасассын;

импортталатын акцизделетін тауарлар бойынша келісім-шарттардың есебін міндетті түрде жүргізе отырып, өндірушілер мен импорттаушылардан 2001 жылға акциздік алым таңбаларын сатып алуға өтінімдер жинауды қамтамасыз етсін;

акцизделетін тауарлардың акциздік алым таңбаларын сақтау және тасымалдау жөніндегі қызмет көрсетулерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің қаржыландыру сметасында көзделген қаражат е с е б і н е н жү р г і з с і н .

6. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот фабрикасының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігімен есептесу кезінде қолданатын жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларына бағаларды бекітуді және бағаларды қолданудың дұрыстығын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбалауға жататын акцизделетін тауарлардың өндірісі мен айналымы саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды және жеке тұлғалар 2000 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 1 және 2-қосымшаларға сәйкес тізбе бойынша акцизделетін тауарларды түгендеуді ж ү р г і з с і н .

8. Түгендеу жүргізілген күнгі акцизделетін тауарлар (темекі бұйымдарын қоспағанда) таңбаланған 1999 жылғы үлгідегі акциздік алым таңбаларының құны (олар бойынша төленген қосылған құнға салынатын салықты қоспағанда), сондай-ақ түгендеу жүргізілген күнгі қалдықта болған 1999 жылғы үлгідегі пайдаланылмаған акциздік алым таңбаларының құны отандық тауар өндірушілер мен импорттаушылардың өндірісі мен айналымының шығындарына ж а т қ ы з ы л у ғ а т и і с .

9. Акциздік таңбаларды дайындаудың құны өндіріс пен айналымның шығындарына ж а т қ ы з ы л у ғ а т и і с .

10. Акциздік алым таңбаларымен міндетті түрде таңбалануға тиісті акцизделетін тауарларды әкелу және сату ережелерін бұзу Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерінде көзделген жауапкершілікті жүктейді.

11. "Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін акциздік алым таңбаларымен таңбалау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 сәуірдегі N 431 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 13, 130-құжат) күші жойылды деп танылсын.

12. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2001 жылғы 21 маусымдағы

№ 846 қаулысына

1-қосымша

**Жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларымен
таңбалануға тиісті отандық акцизделетін тауарлардың
Тізбесі**

1. Арақ
2. Ликер-арақ бұйымдары
3. Күшейтілген сусындар, күшейтілген шырындар мен бальзамдар
4. Шараптар
5. Коньяктар

6. Шампан шараптары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 21 маусымдағы

№ 846 қаулысына

2-қосымша

**Жаңа үлгідегі акциздік алым таңбаларымен таңбалануға
тиісті импортталатын акцизделетін тауарлардың
Тізбесі**

Сыртқы экономикалық ! Тауардың атауы
қызметтің тауар !
номенклатурасының коды !

2204 (220430-дан басқа), 2205, Шараптар, шампан шараптары
220600*-ден

2208*-ден Арақ, ликер-арақ бұйымдары,
күшейтілген сусындар, күшей.
тілген шырындар, бальзамдар,
коньяктар

Ескерту. *Тауарлардың номенклатурасы кодпен де, тауарлардың
атауымен де айқындалады.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 21 маусымдағы

№ 846 қаулысына

3-қосымша

Пайдаланушылардың назарына!

ЕСКЕРТУ. 2002 жылғы 1 мамырдан бастап ҚР Үкіметінің 2001.11.08. N 1421 қаулысымен мынадай өзгеріс енгізілуі қажет: "1-тармақтағы "(филтрсіз сигареттерді және папиростарды қоспағанда)" деген сөздер алынып тасталсын."

Акциздік алым таңбаларымен таңбалануға тиісті отандық және импортталатын темекі бұйымдарының Тізбесі

1. Отандық темекі бұйымдары (филтрсіз сигареттерді және папиростарды қ о с п а ғ а н д а)

- ## 2. Импортталатын темекі бұйымдары.

2402 Т е м е к і б ұ й ы м д а р ы ,
құрамында темекі бар өзге де бұйымдар